БЕКІТЕМІН
«Бақытты балаб»
балабақшасының меңгерушісі:
Қойшыгулова Ж.Б

**Өндірістік жиналыс жоспары**
**2023-2024 оқу жылы**

| № | Мазмұны | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | 1."Жаңа оқу жылының– жұмыс жоспарын талдау"<br>2.Балабақшадағы жалпы ата-аналар жиналысы<br>3.Балабақша іс қағаздарының жүргізілуі<br>4.Балалардың денсаулық карталарын тексеру<br>5.Балабақшаға балаларды қабылдау<br>6.МЖМБС топтарына сәйкес дамытушы заттық кеңістік ортаны ұйымдастыру<br>7.Қызметкерлерді лауазымдық міндеттермен таныстыру | қыркүйек | Меңгеруші<br>Әдіскер<br>Медбике<br>Шаруашылық меңгерушісі |
| 2 | 1.Аралық нәтижелерді талдау<br>2.Ата-аналармен жұмыс<br>3.Проблемалық мәселелер<br>Тәртіп, қатысу деңгейі, балалардың жеке қажеттіліктері бойынша туындаған қиындықтарды шешу жолдары.<br>4.Жоспарды түзету<br>Оқу-тәрбие жоспарына қажетті өзгерістер енгізу.<br>5.Тәрбиешілердің шығармашылық жұмысы | қаңтар | Меңгеруші<br>Әдіскер |
| 3 | 1."№2 өндірістік жиналыс шешімінің орындалуы"<br>2.Күннің екінші жартысындағы тәртіп<br>3.Балабақша мен мектеп сабақтастығы<br>4.Мектепалды даярлық тобы тәрбиеленушілерінің мектепке дайындық деңгейі<br>5.Шынықтыру рәсімдерін өткізу<br>6.Ағымдағы мәселелер | мамыр | Меңгеруші<br>Әдіскер<br>Шаруашылық меңгерушісі |

Өндірістік жиналыс хаттамасы №1
күні 11 қазан 2023 жыл.
Өндірістік жиналыстың өткен орны;
«Бақытты бала» балабақшасы.
Жиналыс төрайымы: Меңгеруші - Қойшығұлова Ж.Б.
Жиналыс хатшысы; Тәрбиеші: А. Орманбаева
Қатысты: 21
Қатыспады: 0
Себепті -
Себепсіз -

Күн тәртібі!

1. Жаңа оқу жылының жұмыс жоспарын талдау.
2. Балабақшадағы жалпы ата-ана жиналысы мен топтағы ата-аналар жиналысының өткізілуі туралы хаттамалардың уақытылы толтырылу барысы Меңгеруші.
3. Балабақша іс қағаздарының жүргізілуі. Меңгеруші
4. Балалардың денсаулық топтарын және дұрыс тамақтануды тексеру мен қызметкерлердің медициналық бақылаудан өту қорытындысы Медбике
5. Балабақшадағы балаларды қабылдау бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге бағыттауды қамтамасыз ету, балалардың бөбекжайға қатысуы Әдіскер.
6. МЖМБС талаптарына сәйкес дамытушы заттық кеңістіктік ортаны ұйымдастыру тақырыптық бағалау қорытындысы Әдіскер.
7. Қызметкерлерді лауазымдық міндеттерімен таныстыру Меңгеруші.
8. Әртүрлі мәселелер Меңгеруші.
1. Тыңдалды. Жаңа оқу жылының жұмыс жоспарын талдау.
Сөйледі Меңгеруші Қойшығұлова Ж.Б.
Өткен оқу жылында жылдық жоспарда жоспарланған жұмыстар өз деңгейінде атқарылды. 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатта

көрсетілгендей Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатта көрсетілгендей Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі балаларды патриоттық рухта, өз еліне деген сүйіспеншілікке, өзінің кіші отанына деген адалдыққа, табиғатқа жануарларға ұқыпты қарауға тәрбиелеу және Мектепке дейінгі жас баланың жеке тұлғасын қалыптастыру үшін өте маңызды. Бұл жаста балалардың сөйлеу сенсорлық қабілеттері қалыптасады, сондай-ақ, ақыл-ой, дене, эстетикалық, патриоттық тәрбие беру көзделеді. Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу білім беру процесін ұйымдастыру барысында мектеп дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту мәдениін іске асыру мақсаты көзделеді. 2023-2024 оқу жылында міндетті бес бағыт бойынша жұмыс жоспарлары жасалынып орындалуы әдіскер, меңгеруші тарапынан бақылауға алынады. Әрбір білім бағытына жоспарланған жұмыс әр топта балалардың жас ерекшелігіне байланысты жасалынып уақытылы жүргізіп, ата-аналарға кеңестер беріліп отырылсын - деді.

Қаулы етті: балабақшаның жылдық жоспары бойынша жұмыстар уақыт жүргізілсін.

II тыңдалды: балабақшадағы жалпы ата-аналар жиналысы мен жеке топтардағы ата-аналар жиналысының өткізілуі және хаттамаларды уақытылы толтырылу барысы.

Сөйледі: меңгеруші Қойсылғулова Ж.Б. балаға тәрбие мен білімді балабақша мен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығай отырып берсек, бұл баланы жігерлендірудің маңызды институты болып табылады. Бұл үшін балабақшада өтетін жалпы

ата-аналар жиналысында ата-аналарға
жан-жақты мәлімет беріп отыру қажет.
Керек жағдайда сол жиналыстарға психолог,
медбике қатысып балалардың психологиялық
дамуы, денсаулығы төңірегінде баяндамалар
оқып, жас ата-аналарға кеңестер беру керек.
Ата-аналар жиналысы жаңаша түрде
ұйымдастырылып қызықты өту қарастырылсын.
№1 жалпы ата-аналар жиналысында қазіргі
эпидемиялық жағдайға байланысты қашықтықтан
өтіп, ата-аналарға керекті топтарда оқу,
қашықтан оқуды ұйымдастыру жұмыстарын
бойынша түсіндіріліп, құжаттары уақытылы
жазылуда. Топтарда өтілетін ата-аналар
жиналысында тәрбиешілер ата-аналарға
балалардың білім-білік, дағдылары және жас
ерекшеліктеріне қарай қандай бағдарлама-
мен жұмыс жасайтындары бойынша және
санитарлық талаптарды орындау бойынша
мәлімет беріп отырылсын. Жалпы ата-ана
лармен балабақша арасындағы жұмыстар
түрлендіріліп уақытында өткізілсе, балалар
дың мейірімді, ынтымақшыл болып
өсуіне септігін тигізеді, - деді.

Қаулы етті балабақшадағы
ата-аналар жиналысы жаңаша
түрде қашықтан ұйымдастырылсын

III Тыңдалды: балабақшаның іс қағаздарының
жүргізілуі

Сөйледі: меңгеруші Койшыгулова Ж. Б. балабақша
қызметін реттейтін нормативтік құқықтық
құжаттарды дұрыс толтыру үлкен жауап-
кершілікті талап етеді. Балабақша құжат-
тары әрбір қызметкердің педагогтың айнасы
іспетті. Құжаттар дұрыс толтырылса, ол
педагог, қызметкер өз ісіне ұқыпты, маман-
дығын сүйетін жақсы педагог болып
есептеледі. Егер құжатта қате кетсе, ол
педагогтың өз ісіне немқұрайлы қарайтын

дығын көрсетеді. Сондықтан құжаттарға мұқият болу керек. Балалардың жеке іс қағазын толтыру барысында аты-жөні, туылған күні, айы, жылы, ұлты, ата-анасы, мекен жайы, алфавиттік нөмірі және бұйрық нөмірі көрсетілу керек. Балабақшада ресми қабылданатын қаулы немесе шығарылатын бұйрық т.б. ресми құжаттың негізінде, олардың орындалмағаны жөнінде немесе сол құжат бойынша іске асырылып жатқан шаралар уақытында орындалып, қаралу керек. Іс-қағаздарда қолданылып отырылатын ақпарат, мәліметтің барлығы мұқият тексеріліп отыруы керек. Құжаттарда сөздерге, тыныс белгілеріне, дұрыс түрлерін әріптерге баса назар аудару керек. Өйткені мұның бәрі тексеріс кезінде қатеге есептеледі. Құжат мазмұнының қазіргі күші бар заңдарға тән құқық нормаларына сәйкестігі көрсетіледі. Әрбір қызметкердің еңбек өтілі ҚР еңбек туралы заң талаптарына сай есептелініп отырады және соған сай еңбек ақысы төленеді. Еңбек кітапшасы ереже сай толтырылуда, біз беріп отырған статистикалық мәліметтердің өзектілігі мен ақиқаттығы, дұрысы тексеріледі. Сондықтан әрбір адам өзі жүргізіп отырған іс қағаздарына мұқият болу керек-деді.

Қаулы етті: Балабақшаның іс қағаздарының жүргізілуі бақылауға алынсын.

IV Тыңдалды: балалардың денсаулық топтарын және физикалық денсаулығын тексеру мен қызметкерлердің медициналық бақылаудан өту қорытындысы.

Сөйледі: балабақшаның медбикесі Ш. Қартбаева мектепке дейінгі білімге баға жетпес ғылыми, тәрбиенің тәжірибесі мол байланысымен, қазіргі заманға сай баланың денсаулығының нашарлап әлеуметтік жағдай баланың дұрыс өмір сүру бейнесін қалыптастыруда және қарым-

қатынаста меңзейді. Ұлттық денсаулық сақтау ісінде баланың салауатты өмір салтына тәрбиелеу негізгі міндеттердің бірі болып саналады. Баланың салауатты өмір салтын құруда баланың тек психологиясының жеке дара ерекшеліктері ғана емес, оны қоршаған ортасы мен жанұяны қолдап отыруы қажет. Қазақстандағы салауатты өмір салтын дамытудың бастамасы мектепке дейінгі ұйымдардағы балалардың денсаулығын сақтаудың аса қажет екендігін көрсетеді. Баланың дені сау, салмақты, дене дамуы мықты, тәбеті жақсы, ұйқысы толыққанды болып өсуі үшін күн тәртібін қатаң сақтау қажет. Бұл балаға балалық шақтан бастап ағзасын кез-келген ауруға қарсы тұруына мол әсер. Міне, сондықтан мектепке дейінгі мекемелерде күн тәртібі сақталуына қатаң көңіл бөлінген. Шынықтыру-сауықтырудың да тәртібі болған жағдайда ғана баланың ағзасына тиімді болады. Сонымен бірге, жыл сайын балаларды медициналық тексеруден өткізіп, дәрігерлердің қарауында болу керек. Биылғы оқу жылында да бөбекжайға қабылданған 38 бала медициналық-тексеруден өтіп, дені сау, денесі таза деген анықтамаларымен келді. Балалардың денсаулығына кері әсер етпеу үшін қызметкерлерде жыл сайын медициналық тексеруден өтеді. 6 педагог, 14 кіші қызметкерлер өтті,-деді

Қаулы етті: балабақшадағы топтардағы заттық-дамытушы ортаны толықтыру.

V Тыңдалды: Ішкі еңбек тәртібінің сақталу ерекшелері. Сөйледі: Меңгеруші: Қонысбаева Ж.Б. «Бақытты бала» балабақшаның Ішкі тәртіп ережелерін сақтау бөбекжайда жұмыс тығыздығын қамтамасыз етеді және тәрбиеленушілердің ата-аналары мен мектепке дейінгі мекеме қызметкерлері арасындағы бірлескен жұмысты көздейді. «Бақытты бала» балабақшасы

жұмыс уақыты 7.30-дан басталады. Балаларды қабылдау сағат 7.30-дан 8.00-ге дейін жүзеге асырылады. Бала балабақшада 10,5 сағат болады. Балабақшаға уақытында келу тәрбие-білім беру үдерісін дұрыс ұйымдастыру, педагогикалық ұжымның басты міндеті. Тәрбиешілер баланы кім алып келіп, алып кететінін білуі тиіс. Ата-аналар бұл тізімді жазбаша түрде ұсынуға міндетті. Әйтпесе тәрбиешілерге баланы ата-анасынан басқа бөтен қолға беруге тыйым салынған. Тәрбиешілерге балаларды мас күйдегі адамдарға, кәмелетке толмаған балаларға, бейтаныс адамдарға беруге қатаң тыйым салынады. Әрбір қызметкер жұмыс уақытын ескеріп ішкі тәртіп ережелеріне бағыну керек. Тәртіп бар жерде, жұмыста, тазалық та, ынтымақтастықта болады.

Қаулы етті: Ішкі еңбек тәртіп ережесіне қатаң сақталсын.

VI Тыңдалды: Қызметкерлерді лауазымдық міндеттерімен таныстыру. Теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығы. Негізінде қызметкерлер өздерінің лауазымдық міндеттерімен танысып, қол қойдырылып алынды. Осы педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және білім беру ұйымдарының меншігіне, ведомстволық бағыныстылығы мен ұйымдастырушылық-құқықтық нысанына қарамастан оларды қолдану үшін міндетті. Педагогикалық және медициналық қызметкерлермен тәрбиелік білім беру және сауықтыру жұмыстарымен қамтамасыз ету бойынша өзара қызмет атқарады. Сол сияқты, барлық қызметкерлердің қамтамасыз ету бойынша

қара қызмет атқарады. Сол сияқты, барлық қызметкерлердің өз міндеттері бар. Қазақ халқында «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген ұлы сөз бар. Осы міндеттер аясында балаларға білім мен тәрбие беруде ауызбірлік пен, ынтымақтаса отырып жұмыс жасауымыз керек,- деді.

Қаулы етті: Жұмыс барысында қызметкерлердің лауазымдық міндеттері басшылыққа алынсын.

IV Тыңдалды: Алдағы мәселелер

Баяндады: Меңгеруші Қойшығұлова Ж.Б. әрбір қызметкер балабақшадағы жүргізіп жатқан жұмыстарға белсене қатысуы жөнінде және қыркүйек айындағы жұмыстарға қысқаша тоқталып өтті

Шешім:

1. Балабақшадағы жылдық жоспарын басшылыққа алып жұмыстар жүргізілсін.
Мерзімі: Жыл бойы
Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер, шаруашылық меңгерушісі, медбике.
2. Қызметкерлердің лауазымдық міндеттеріне сәйкес жұмыс бақылауға алынсын.
Мерзімі: жыл бойы
Жауаптылар: әдіскер, медбике, тәрбиешілер.
3. Заттық дамытушы ортаны толықтырылсын
Мерзімі: [illegible]
Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер.

Меңгеруші: [signature] Қойшығұлова Ж.Б

## Өндірістік жиналыс хаттамасы №2

Күні 19 қаңтар 2024 жыл.

Өндірістік жиналыстың өтілген орны «Бақыт бала» балабақшасы

Жиналыс төрайымы: меңгеруші Қойшығұлова Ж.Б.

Жиналыс хатшысы: хатшы - тәрбиеші Оразантаева Г.

Қатысты - 21

Қатыспады:-

Себепті: -

Себепсіз:-

Күн тәртібі

№1 өндірістік жиналыс шешімдерінің орындалуы меңгер
«Балабақшадағы адамгершілік-құқықтық тәрбие»
жұмысын ұйымдастыру
«Күннің бірінші жартысындағы режимдік кезең-
дерді өткізу»
Күннің бірінші жартысындағы режимдік кезеңнің
өтілуін салыстырмалы түрде бақылау қорытындысы.
«Ата-аналар жиналысының хаттамаларын
рәсімдеу» Ата-аналар жиналысының құжаттар-
ының уақтылы толтырылу деңгейін бақылау
қорытындысы.

Алдағы мәселелер.

Сөйледі: «Бақытты бала» балабақшасы меңгерушісі
Қашықова Ж.Б. 2023-2024 оқу жылындағы міндеті
бес бағыт бойынша жұмыс жоспарлары жасалынып
орындалуы меңгерушісі, әдіскер тарапынан бақылауға
алынды. Әрбір бөлім бойынша жоспарланған жұмыс-
тар топта балалардың ерекшелігіне байланысты
жасалынып, уақытында жүргізілуде. Педагогтардың
тарификациясы бақылауға алынып педагогтарға
1 қыркүйек 2023 жылдан бастап еңбекақыға 30%
қосылатынын айтты.

Қаулы етті: өткен өндірістік жиналыс
шешімінің орындалуы қанағаттанар-
лық.

II Тыңдалды: Балабақшадағы адамгершілік-құқықтық
тәрбие жұмысын ұйымдастыру.

Сөйледі: Құқықтық тәрбие бойынша адамгершілік-
адамның рухани арқауы, өйткені адам баласы
қоғамда өзінің жақсы адамгершілік қасиетімен,
адамдығымен, қайырымдылығымен ардақталады.
Қазіргі кезде өсіп келе жатқан ұрпақты тәр-
биелеуде қойылған мақсаттардың бірі - қоғамға
пайдалы, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор
болатын, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны
қалыптастыру. Бесіктегі сәбиін ананың әні-
мен оятатын бесік жыры, даналыққа толы
мақал-мәтелдер, жұмбақ, жаңылтпаштар,
қиял-ғажайып ертегілер, ойындар тәрбиелеп
өсіру негіздерімен адамгершілік ниеттерге

нер байында. Оның болса «Адамгершілік тәрбие беру кілті - халық педагогикасында» деуге болады-ды
Қорыта етті: адамгершілік құқықтық тәрбие беру жұмыстары қанағаттанарлық
III Талдау: «Күннің бірінші жартысындағы режимдік кезеңдерді өткізу»
Күннің бірінші жартысындағы режимдік кезеңнің өтілуін салыстырмалы түрде бақылау қорытындысы.
Сипаты: Әдіскер Құлманбаева Ж.М. 17-18 қаңтар аралығында балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес «ересек», «ортаңғы» топтарында күннің бірінші жартысындағы режимдік кезеңнің өтілуін салыстырмалы түрде бақылау өтті.
Балаларды қабылдау топта жүргізілді. Тәрбиеші балаларды қуанышпен, күлімсіреп қарсы алды, әдемі келбетіне назар аударуға, балалардың көңіл-күйі туралы сұрады. Балаларға "тексеріңдер" қызықты ойын ұсынды. Балалар топқа кіріп, ойыншықтарды бөлісіп бастады. Тәрбиеші балалармен таңертеңгілік жаттығуды музыкамен ұйымдастырды, балаларды таңертеңгілік жаттығуға жинау үшін өлең оқыды, тосын сәтті қолданды, балаларды күнмен бірге жаттығулар жасауға шақырды. Таңғы асқа дайындық кезінде тәрбиеші балаларды ұйымдасқан түрде қолдарын дәретханаға жууға алып келді. Өлең оқыды «су, су, менің бетімді жу" балалардың назарын краннан су ағып жатқанына аударды»
Осылайша тәрбиеші балалардың ой өрісін кеңейтті. Түскі ас кезінде тәрбиеші де сөзін «біз тыныш отырамыз және тыныш тамақтанамыз» деген өлеңдерімен сүйемелдеді.
Таңғы астан кейін балалармен ойындар ұйымдастырылды. Тәрбиеші балалардың назарын дастарқан жаюға, мұқият тамақтануға, майлықтарды қолдануға, яғни балалардың мәдени гигиеналық дағдыларын қалыптастыруға аударды.
Тәрбиешілер күн тәртібіне қанағаттанарлық түрде құрды, әр түрлі іс-әрекеттерді ақылға қонымды

түрде ауыстырып, режимдік сәттердің тәрбиешілерімен байланыста жұмыс істеуге тырысады; күн сайын жұмыс жоспарлары бойынша жиналыстар өткізеді; балалармен таза ауада үнемі серуендейді.

Қайта еттік күн тәртібін сақтау бойынша тәрбиешілердің жұмысы қанағаттанарлық.

IV Тақырыпта: «Ата-аналар жиналысының хаттамалары рәсімдеу» (жалпы және топтық) Ата-аналар жиналысының құжаттарының уақытылы толтыру деңгейін бақылау қорытындысы.

Сәйкесі: әдіскер Кулманбаева Ж.М. балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес 2024 жылдың 17.01-18.01. аралығында ата-аналармен жұмыс бойынша педагогтардың жұмысын талдау мақсатында ата-аналар жиналысының құжаттарының уақытылы толтыру деңгейіне бақылау жүргізілді. Дәстүр бойынша біздің мектепке дейінгі білім беру мекемесінде бақылау жиналысы жылына 2 рет, топтық ата-аналар жиналысы жылына 3 рет өткізілді.

Ата-аналар жиналысы ата-аналармен танысудан басталады. Бақылау барысында келесі мақсаттар көзделді: мақсат қою, ата-аналардың жиналыс тақырыбына қызығушылығы, жиналыстың күн тәртібін айту, достық жағдай, жиналыстарда көрнекіліктер пайдалану, хабарламаның қысқаша мағынасы, ата-аналармен жұмыс істеудің дәстүрлі емес әдістерін қолдану, рефераттың болуы, жиналыстан қорытынды шығару және шешім қабылдау.

Балалардың негізгі тәрбиешісі - ата-аналар. Бүгінгі таңда қазіргі ата-аналарға көмек қажет, өйткені психология мен педагогикалық туралы білімнің болмауы қателіктерге, түсінбеушілікке әкеп, тәрбиенің нәтижесіздігіне әкелді. Сондықтан балабақшаның педагогикалық ұжымының негізгі күш-жігері ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыруға бағытталған. Отбасын педагогикалық оқыту бойынша жұмыстың негізгі формаларының бірі - ата-аналар жиналысы. Барлық топтарда ата-аналар жиналысы

жоспарланған және өткізілген. Жиналыстан кіріспе бөлігі: ата-аналармен амандасу, тақырыптың атауы, мақсат қою, ата-аналар жиналысы жоспарланған күн тәртібін айту, хатшыны таңдау. Тәрбиешілер жарнаған ата-аналардың назарын белсендірудің әртүрлі әдістері мен тәсілдерін қолданды.
Ата-аналарды белсендіру үшін тәрбиешілер ойын әдістерін, көрнекілікті қолданды, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу және қатайту тәжірибесіне баса назар аударды.

Қаулы етті: ата-аналар жиналысының құжаттарының толтырылуы қанағаттанарлық.

V тыңдалды: Ағымдағы мәселелер
Сөйледі: Балабақша меңгерушісі Қойшыгулова Ж.Б әрбір қызметкер балабақшадағы жүргізіліп жатқан жұмыстарға белсене қатысуы жөнінде және ақпан-наурыз айындағы жұмыстарға қысқаша тоқталып өтті.

Шешім:
1 Күн тәртібін сақтау жұмыстарын бақылауға алу жалғастырылсын. Мерзімі: Жыл бойы.
Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер, медбике.
2 Ата-аналар жиналысының құжаттарының толтырылуы қанағаттанарлық. Жауапты: Әдіскер.

Жиналыс төрайымы: Қойшыгулова. Ж.Б.
Жиналыс хатшысы: [illegible]аева. А.А.

MDU
Baqytty bala
БСН 221130005715 БИН
ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕН...
КАЗАХСТАН ГОРОД АКТОБЕ

Өндірістік жиналыс
хаттамасы №3

Өндірістік жиналыстың өтілген орны:
"Бақытты бала" балабақшасы
Жиналыс төрағасы меңгеруші Қайыргулова Ж.Б.
Жиналыс хатшысы: Хатшы - тәрбиеші Орманбаева А.
Қатысты:- 21
Қатыспады:-

Күн тәртібі:
№3 өндірістік жиналыс

1. №2 өндірістік жиналыс шешімдерінің орындалуы
2. Күннің екінші жартысында тәртіп кезеңдерін өткізу. ойындарды жоспарлау
3. Балабақша мен мектеп сабақтастығының біріздігі
4. Мектепалды даярлық тобы тәрбиеленушілерінің мектепке дайындағы деңгейі
5. Шынықтыру әсімдерін өткізу деңгейінің қорытындысы
6. Ағымдағы мәселелер.

I Тыңдалды №2 өндірістік жиналыс шешімдерінің орындалуы
Сөйледі «Бақытты бала» балабақшасының меңгерушісі Қайыргулова Ж.Б. Балабақшадағы адамгершілік-құқықтық тәрбие жұмыстары жоспар бойынша жүргізіп, балалармен әртүрлі шаралар өткізілуде Даму бағдарламасының инновациялық сипатының құндылығы бөбектердің оң жетістіктерін сақтауға педагогикалық сипатының құндылығы бөбектердің оң жетістіктерін сақтауға, педагогикалық процесті ұйымдастырудың тиімділігіне бағытталған модельді қамтамасыз етуге, жұмыс практикасына заманауи білім беру педагогикалық технологияларын енгізуге бағытталынып, даму бағдарламасының орындалуы жоспарға сай. Ата-аналарға кеңес беру жұмыстары жүргізілуде

Қаулы етті: өткен өндірістік жиналыс шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.

II Тыңдалды: Күннің екінші жартысында тәртіп кезеңдерін өткізу, ойындарды жоспарлау

Сөйледі: Әдіскер Кулманбаева Т.М. күн тәртібі бір апта ішінде балалардың өмірі қалай ұйымдастырылғанының көрнекі моделі. Күн уақыт кезеңдеріне бөлінеді және осы кезеңде балалар не істейтіні, бұл іс шаралар қандай формада ұйымдастырылатыны көрсетіледі. Құ келген жоспар әдістемелік сүйемелдеусіз тиімді емес, оны тәрбиешілер перспективалық жоспарлар, циклограмма түрінде ұсынды. Жоспарлауды оңтайландыру үшін циклограммаға күнделікті іс әрекетті тиімді жоспарлауды ұсынамыз. Оның заманауи әдістемелік көрнекке бай болу керек. Қимылды ойындарды циклограммаға сай барлық топқа ұйымдастыру қажет, - деді.

Қаулы етті: Күннің екінші жартысында тәртіп кезеңдерін өткізу бақылауда алынсын.

III Тыңдалды: Балабақша мен мектеп сабақтастығын бірізділігі

Сөйледі: Әдіскер Кулманбаева Т.М. сөз алды. Балабақ бірінші сынып оқушыларының ата-аналарымен жұмыс барысында мектепке дайындау мәселелері бойынша ата-аналарды ағартуға дайындалған. Әрине ата-аналар үшін біз «Жақында мектепке» стенд жасаймыз, онда олар пайдалы ақпарат таба алады. «Болашақ оқушының күн тәртібі» «Бірінші сынып оқушысы нені білу керек?» «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар» тәрбиеленушілердің психологиялық ерекшеліктері» «Балалар өз өмірінде көргендерін үйренеді» тақырыптарында кеңестер «Мектепке келу - бұл баланың өміріндегі маңызды оқиға» жылжымалы папка, «Сіздің отбасыңыз баланың бірінші сыныпқа баруына дайынба?» сауалнамасын өткіземіз. Бастауыш сынып мұғалімдерінің дайындық тобы түлектерінің ата-аналары баланың

баланың мектепке барар алдында не білуі және не істей алатындығы, мектеп керек-жарақтары қандай болуы керек екендігі туралы таныстады,- деп жыл бойы жүргізілген жұмыстарға тоқталып өтті.

Қаулы етті: Балабақша мен мектеп арасында жұмыс қанағаттанарлық

IV тыңдалды: Мектепалды даярлық тобы тәрбиеленушілердің мектепке дайындығы деңгейі

сөйледі: Балабақшаның тәрбиешісі Кузембаева Г.А. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарын ескере отырып, мектепке дейінгі білім берудің үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жұмыс істедік. Топта 50 бала бар. Осы 5-6 жаста қоғамдық бағалаумен байланысты қызмет салаларында өзін-өзі растауға деген ынтасы артады. Бірте-бірте баланың өзінің «Мен» туралы білімі және осы негізде мектеп жасына дейін ішкі ұстанымдарының қалыптасуы жаңа ынталастар мен қажеттіліктердің пайда болуына әкеледі. Бұл баланың мектепке дейінгі кезеңдегі негізгі іс-әрекеті болған ойынның осы саладағы орнын біртіндеп тапсырып, оны толығымен қанағаттандыра алмауының себебі болып табылады. Күйбің өмір салтының шеңберінен шығу және әлеуметтік маңызды іс-шараларға қатысу қажеттілігі артып келеді, яғни мектеп жасына дейінгі балалардың психиканың және жас-өсуінің маңызды нәтижелері мен сипаттамаларының бірі болып табылатын «оқушы позициясы» деп аталатын басқа әлеуметтік ұстанымға қабылданады-деп жалпы жыл бойы жүргізілген жұмыстарға тоқталып өтті.

Қаулы етті: Мектепалды тобы тәрбиеленушілердің мектепке дайындығы деңгейі қанағаттанарлық.

V Тапсырма: Шынықтыру режимдерін өткізу деңгейінің қорытындысы.

Сипаты: Медбике Ш.Т. Құртбаева барлық жас топтарында шынықтыру режимдері оңтайлы табыстылығын қамтамасыз ету үшін міндетті қағидаларды сақтай отырып жүргізіледі: шынықтыру тек баланың толық денсаулығы кезінде жүзеге асырылады, оның біртіндеп және шынығу жерінің қарқындылығын арттырады, оларды жүргізудің жүйелілігі мен дәйектілігі баланың жеке ерекшеліктерін есепке алады, ал теріс эмоционалды реакциялар кезінде шынықтыруды жүргізуге жол бермеді.

Балаларды қабылдау кезде жүзеге асырылады. Температура жеткілікті нормаға сәйкес келеді, үйді желдету арқылы жүзеге асырылады. Таңертеңгілік жаттығулармен мен серуендер уақытылы режимде өткізіледі. Ұйқыдан кейінгі гимнастиканы тексеру барысында, әр жас тобында сағат 15.00-ден балалар музыка әуенімен тез және бір уақытта оянады. Сонымен қатар олар көрпелерді алып, төсекте жатып 2-3 минут ішінде 3-4 дене жаттығуларын жасайды. (бүгілген тізелерді қолдарымен ұстап, кейіннен түзетіп кеудеге тарту, қолдар мен аяқтарын көтеріп және параллель қимылдарды; ішке және тұру жаттығулары, өзін-өзі массаж (Тәрбиешінің командасы бойынша балалар тұрып 2-3 минут бойы табанның бұлшық етін дамыту және нығайту үшін қолданылатын 2 денсаулық жолдары бойынша ортаңғы қарқындылықтағы шектеулі қозғалыстарды орындады; жалаң аяқ жүру және жүру ересек топтарда жүзеге асады. Ойындар барлық балалар бір уақытта жасай алатындай етіп ұйымдастырылған. Айтпақшы процедуралар бірге тыныш музыка қолданылады, бұл балалардың эмоционалдық тонусына оң әсер етеді. Сондай-ақ

тәрбиешілер тамақты тұзды сумен шаю сияқты шынықтыруда толықтыратын тиімді әдісті қолданады. Бастапқы температура +32 - +30С әр тамақтан кейін бөлме температурасына жеткізіледі. Балалар бұл процедураны ересектерге ескертусіз дербес орындайды. Тәрбиешілер тыныс алу жаттығуларын таңдауға ерекше назар аударады, өйткені олар терең тыныс алу және дем шығару кезінде бірқатар тыныс алу нәтижесінде тыныс алу жолдарына контрастты әсер етуге мүмкіндік береді. Тексеру кезінде тәрбиешілер балалардың жалпақтабандылықтарының алдын-алу үшін жаяу дәстүрлі емес жабдық жасады, - деді.

Қаулы етті! Шынықтыру шараларының деңгейі қанағаттанарлық

VII Тыңдалды: Ағымдағы мәселелер

Сөйледі: Балабақша меңгерушісі Қойшығұл әрбір қызметкерлер бөбекжайдағы жүргізіліп жатқан жұмыстарға бейнебақылау жөнінде және алдағы айларда болатын жұмыстарға қысқаша тоқталып өтті.

Шешім

1 Балабақша мен мектеп арасындағы сабақтастық жұмыстары қанағаттанарлық

2 Шынықтыру рәсімдерін өткізу деңгейінің жұмысы күшейтілсін.

Мерзімі: жыл бойы.

Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер, медбике

Меңгерушісі: Қашқарова Ж.Б

Тәрбиеші: Смантаева Н.

ЖШС "Baqytty bala" БСН 221140005715